

*Оңтүстік Қазақстан облысы
Шардара ауданы
№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі*

*1-Наурыз Алғыс айту күніне орай «Рахмет пен алғыс айту»
ТРЕНИНГІ*

Орындаған: Смайлова Л.Х.

Мерзімі: 01.03.2018 жыл

2017 – 2018 оқу жыл

Тақырыбы: *Рахмет пен алғыс айту*

Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялады. Міне біз сол мейрамды үшінші жыл тойлап отырмыз.

Мақсаты: Алғыс айту туралы түсінік беру; үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту; әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу. Оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Кіріспе сөз. Жақсы сөз айту, жақсылық жасау – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз. Алғыс сөздерінде бір сиқырлық бар - олар арқылы біздер бір-бірімізге ризашылығымызды көрсетеміз, көңілімізді білдіреміз, жақсы эмоциялар сыйлаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша, рахмет сөзін айту - адамдар арасында жақсы қатынас орнатады. Алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден-бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт. Рахмет айтуға қорыққан, үлгермеген, ұялған жандарыңыз болса, бүгін айтасыздар деп үміттенемін. Мен де алғыс айтуға асығайын...Айтпақшы, РАХМЕТ!!!

Топта жұмыс істеу ережесі:

1. Бір-бірін "Визиткада" көрсетілген есім бойынша, атау.
2. Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды.
3. Болып жатқанға белсенді қатысу.
4. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы.
5. Пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде және қазір айт.
6. "Басынан" "Аяғына" дейін жұмыс істеу.

1) Амандасу – «таныстыру» жаттығуы.

Нұсқау: әр қатысушы өз есімінің бірінші әрпіне қарай бойындағы жеке қасиетін қосып айту керек. Мысалы: мен Бақытнұр бақытты қызбын....

Барысы:

1. «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.

Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.

Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!

2. Алғыс жайлы Мақал мәтелдер:

Қарғыс алма, алғыс ал.

Көп дұғасы көл.

Ел алғысын алсаң елеулісі боларсың.

Сілеу алма, тілеу ал.

Алтын алма, алғыс ал:
алтын деген жер сыйы,
алғыс деген ел сыйы.

3.«Өрмекші торы» жаттығуы.

Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

Жаттығу шарты: Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-ші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-ші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.

Рефлексия: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескерту, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.

4. Тыныштық сәтін ұйымдастыру.

Біз көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз.

Алғыс сөздері адамдардың жүрегін жылытады. Біз алғыс айтқан кезде көңіл - күйіміз көтеріліп жеңілдеп қаламыз. Ал ренжіген кезде керісінше ауырлық пайда болады. Сондықтан да біз бойымыздағы өкпе - реніштен құтылып, оның орнын алғыс сөздерімен толықтыру мақсатында тыныштық сәтін өткізейік.

(Классикалық музыка жіберіледі.)

- Көздеріңізді жұмып, денелеріңізді еркін ұстаңыздар.

- Демдеріңізді ішке алып, сыртқа шығарындар және содан соң аз ғана үзіліс жасаңдар

- Енді соңғы кездердегі өкпе - реніштеріңді еске түсіріңдер.(Кімге, не себепті ренжидіңіз?)

- Осы өкпе - реніштер бұлт болып сіздің ішінде орналасып алған екен. Ол мына кіндіктеріңнің тұсында тұр. Енді сол жерге саусақтарыңызды апарып, өкпе - реніш бұлтты көтеріп алғандай сезініңіздер. Бірте - бірте бұлтты жоғары көтеріп ауыздарыңыздан шығарып жіберіңіздер.

Енді оның орнын жақсы алғыс сөздерімен толықтырайық.

Мысалы: Өмір берген анама рахмет!

Бақытқа бөлеген Балаларыма рахмет!

Жұпар иісі аңқыған далама рахмет!

Күннің шуағындай осы жақсы алғыс сөздерді ішімізге орналастырайық.

Алғыс айту, ризашылық білдіру адамгершілік қасиет. Олай болса, оны жүрегімізге орналастырып алайық. Ендеше адамгершілігі мол кең пейілді жүрегімізге қол соғып қояйық.

5. Ой қозғау. Алғыс айту дегеніміз не?

Сұрақтар бойынша оқушылар ойларын тыңдау. Өмірден мысалдар келтіру.

1. Алғыс айту күнін нешінші жылы тойлап келеміз?
2. Қандай кезде біз алғыс айтамыз?
3. Алғыс айтқанды жақсы көресің бе?
4. Алғысты қандай кездерде айтады?
5. Бүгінгі алғыс айту мерекесінде сіз кімге алғыс айтқыңыз келеді?

6. Қорытындылау:

– Құрметті оқушылар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңізде сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білу және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ұлпа бұлтты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар.

Жүректен - жүрекке:

Енді сіздерді «Жүректен жүрекке» айдарына шақырамын. Шеңбер болып тұрып, тақтадағы мына сөздерді хормен айтамыз.

- Менің қайырымды жүрегіме рахмет!
- Менің мейірімді жүрегіме рахмет!
- Мен айналама тек жақсылық тілеп алғыс білдіремін!
- Мен ризамын!
- Мен бақыттымын!
- Рахмет! Рахмет! Рахмет!